

Сопылық немесе **тасаууф** (араб.: تصوّف, *taṣawwuf*) — **зүһд** (аскетизм), жақсылықтармен әшекейлену, **нәпсіні** тазарту және **рухтың** дәрежесін көтеру. **Тасаууф ғылымы** — сопылықты ұстанатын адамдардың сенімдерінің жинағы және олардың оңаша халінде және жиындарда ұстанатын **әдептері**[1]. Сопылық — дүниеден безуге, нәпсіні есептеуге, тәнге қатысы бар нәрселерден бет бұруға, нәпсіні тазалауға, **Аллаһ** тағалаға **мағрифатқа** немесе **хақиқатқа** иман келтіру арқылы қосылу (араб.: فنا — **нирвана**) дәрежесіне жетуге ұмтылысқа негізделген өмір салты[2]. Сопылықты ұстанушыны **сопы** (араб.: صوفي, *суфий*) деп атайды. Сопылар өздерін Мұхаммед пайғамбар ﷺ Жәбірейіл хадисінде айтқан[3]ихсанды жүзеге асырушылар санайды. Классикалық сопы ғалымдар сопылықты «мақсаты жүректі қайтару мен Аллаһтан басқа заттардан бұру» деп анықтаған[4]. **Дарқауи тариқатының** (ағыл.)**қазақ.** сопылық ұстазы **Ахмад ибн Аджиба** (ағыл.)**қазақ.** сопылық «сол арқылы Құдайдың ішкі болмысының құзырында қалай саяхаттауды, ластықтан тазалануды, жақсы қасиеттермен әсемдеуді білуге болатын ғылым» деген[5].

Классикалық сопы ғалымдар сопылықты «мақсаты жүректі қайтару мен Аллаһтан басқа заттардан бұру» деп анықтаған[4]. **Дарқауи тариқатының** (ағыл.)**қазақ.** сопылық ұстазы **Ахмад ибн Аджиба** (ағыл.)**қазақ.** сопылық «сол арқылы Құдайдың ішкі болмысының құзырында қалай саяхаттауды, ластықтан тазалануды, жақсы қасиеттермен әсемдеуді білуге болатын ғылым» деген[5].

Классикалық сопылар **зікірге** құлшыныспен және аскетизммен ерекшеленетін болған. Сопылықтың ізбасарлары ерте **Умәйя халифатының** кезіндегі дүниеге деген құлшынысқа реакция ретінде пайда болған[6]. Сопылық мыңжылдықтар бойы көптеген мәдениеттердің әсерін басынан өткізіп, бастапқыда **араб тілімен**, содан кейін парсы, түрік және басқа да ондаған тілдерде ойларын білдіреді. **Сунниттік** немесе **шииттік**боп келетін[7] сопылық **тариқаттарының** түп негізі **Мұхаммед** пайғамбардың ﷺ күйеу баласы **Әли ибн Әбу Талибке** дейін жетеді деп саналады. Тек **Нақшбандийа тариқаты** ғана өз негізін **Әбу Бәкірден** бастайды[8]

«Сопылық» терминінің екі шығу тегі бар деп тұжырымдалады. Бұл сөздің түбірі арабтың «сафа» (араб.: صفا, *тазалық*) сөзімен байланысты деген пікір бар. Басқалар бұл сөз арабтың «суф» (араб.: صوف, *жүн*) сөзінен шығып, ертедегі сопылардың жүннен тоқылған киім үлгілерін білдіреді деп санайды.

Барлық мұсылмандар өздерін Аллаһқа баратынына сеніп, өлімнен және **Қияметтен** кейін жұмақта орын алуға ұмтылғанымен, сопылар Құдайдың болмысын тану және оған жақындау бұл өмірде де мүмкін деп санайды[9]. Сопылардың басты мақсаты Аллаһтың разылығын іздеп, адамның бастапқы халін (**фитра**) қалпына келтіру деп саналады[10].

Сопылық жолына түсу үшін оқушы өзіне ұстазтабу керек, себебі бұл оқушының дәрежесінің өсуіне қажетті шарт. Ұстаз оқытуға құқылы болу үшін басқа шейхтан рұқсат қағазын (*Иджаза* (ағыл.)*қазак*.) алу керек. Ұстаздан шәкіртке жалғасатын бұл тізбек *Силсилә* (ағыл.)*қазак*. деп аталады.

Шығу тег

Бастапқыда сопылық тек қана Исламның интернализациясы ретінде қарастырылды[11]. Бір пікір бойынша сопылық негізін Құраннан, оны оқып, терең ойланудан бастау алады[12]. Басқалар сопылықты Мұхаммед пайғамбарға ﷺ еру, сол арқылы Аллаһқа жақындаудан басталған дейді[13]. Бұдан қарапайымырақ теорияларға сәйкес мұсылмандардың елдерді көптеп жаулап алуы христиан монахтары мен тақуаларды мұсылман қоластына әкелді. Олар көптеген ғасырлар бойы белсенді рухани өмірмен өмір сүріп, олардың әдіс-тәсілдері сопылықтың негізін қалаған тақуа мұсылмандарға әсер еткен[14].

Тариқат (араб.: طريقة — *жол, сапар*) - Исламдағы ақиқатқа жетудің мистик, танымдық жолы. Тариқат Исламның моральдық-этикалық жүйесінің, **психологиялық** тәжірибесінің практикада жүзеге асуы. Тариқатта, **шариғат** сөзі де араб тілінде жол деген мағынада қолданылады.

Бірақ шариғат үлкен жол, Тариқат жалғыз аяқ жол дегенді білдіреді. Ал діни терминологияда шариғат - дін, Тариқат - хақ пен ақиқатқа жету жолындағы діндегі арнаулы жол, түсінік деген сөз.

Тариқаттың практика-әдістемелік негізі, шарттары сопылықпен тең қаралады. Дегенмен, Тариқат тек әдіс, шарттармен ғана байланысты емес. Ол сопылықтағы адам элементтерінің (**шайх, халифа, мүрид** сияқты) орны мен **зауия, текке, рибат** сияқты кеңістіктік элементтер арасындағы үйлесімділікті білдіреді. Сондықтан да осы тұрғыдан Тариқат дегенде сопылық ұғынылады.

Тариқаттың негізі сопылық мәдениет.

Сопылық мәдениеттің Тариқат аясында қоғамдасуы негізінен **XII-XIII ғасырларда** басталған.

Шахабуддин Сухраурдидің «Ауариф-ул Маариф» еңбегінде Тариқат дәстүрінің басталуын сопылық ағымның шығуымен бірге қарастырады. Яғни, Тариқат пен сопылық Хазірет Пайғамбардай (с.а.у.) бастау алады. Тариқат, негізінен, атақты сопылық ілімі негізінде құрылады. Бұдан басқа да Тариқаттар бар, олар өз ілімдерін тікелей Пайғамбардай (с.а.у.) алғандықтарына сенеді. Негізінде шайх төңірегінде қалыптасқан Тариқаттар саны алтау, қалғандары осылардан шыққан Тариқаттар.

Негізгі Тариқаттар:

- Иасауийа - құрушысы Қожа Ахмет Иасауи.

Негізінен Ханафи түріктер арасында кеңінен жайылған, одан Нақшбанийа мен Бекташийа Тариқаттары шыққандығы айтылады.

- Қадирийа - құрушысы Абдулқадыр Жайлари (1077 - 1166), арабтарда, әсіресе, Ханбали мазхабындағылар ұстанатын.
- Көптеген кіші Тариқаттарға бөлінген. Кубрауийа - құрушысы Нажмуддин Кубра (1221 ж.ө., XIII ғасыры), түріктер мен парсылар арасында кеңінен

тараған.

- Сухрауардийа - құрушысы Абу Нажиб ас-Сухрауарди (1234 ж.ө.), көптеген тармақтары бар, көбінесе Шафиғилар арасында тараған.
- Рифаййа - құрушысы Ахмедар-Рифаи (1118 - 83), арабтар мен түріктерарасында тараған.
- Маулауийа - құрушысы
- Маулана Жалалуддин Руми (1209 - 1273), түріктер арасында кеңінен тараған.